

«Атырау облыстық балалар ауруханасы»  
ШЖҚ КМК директоры  
*А.Т.Сабырғалиева*  
2025 жылы 31 желтоқсан  
№886-Н бұйрығымен бекітілген

**АТЫРАУ ОБЛЫСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ «АТЫРАУ  
ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР АУРУХАНАСЫ» ШЖҚ КМК сыбайлас жемқорлыққа  
қарсы стандарттары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы «Атырау облыстық балалар ауруханасы» ШЖҚ КМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары (бұдан әрі сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2-тармағына, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган бекіткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленеді.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың «Атырау облыстық балалар ауруханасы» ШЖҚ КМК сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеу болып табылады.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың міндеттері:

- 1) Аурухана қызметшілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы орнықты іс-әрекетті қалыптастыру;
- 2) Аурухана қызметшілерінің белгіленген қағидалары мүлтіксіз сақтауға бағытталған іс-қимылдары мен шешімдерін айқындау;
- 3) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеу болып табылады.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың негізгі қағидалары:

- 1) заңдылық;
- 2) адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы;
- 3) жариялылық және ашықтық;
- 4) мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану;
- 6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басымдықпен қолдану;
- 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды қорғау және көтермелеу;
- 8) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы болып табылады.

**2-тарау. Аурухана қызметшілерінің іс-әрекет ережелері**

5. Аурухана қызметшісі жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

1) жеке және заңды тұлғалардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етуге, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын, хабарларын, пікірлерін, сұрау салулары мен ұсыныстарын қарауға, олар бойынша қажетті шаралар қолдануға;

2) адал, әділ, қарапайым болуға, жеке тұлғалармен, заңды тұлғалардың өкілдерімен қарым-қатынаста жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтауға, сыпайылық пен әдептілік танытуға;

3) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдер қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз етуге;

4) Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт дәстүрлеріне құрметпен қарауға;

5) өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан сыналуға себеп бермеуге; сын үшін қудалауға жол бермеуге, кемшіліктерді жою және өз қызметін жақсарту үшін сындарлы пайдалануға;

б) шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға;

7) жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруын қиындататын әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеуге;

8) өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және онымен байланысты мүмкіндіктерді жеке мүліктік және мүліктік емес пайда алу үшін пайдаланбауға тиіс.

6. Аурухана қызметшісі өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

1) қол астындағы қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін нақты айқындауға;

2) еңбек жүктемесін олардың жұмыс тәжірибесі мен атқаратын лауазымдарын ескере отырып, қол астындағы қызметкерлер арасында біркелкі бөлуге;

3) қол астындағы қызметкерлердің жұмыс нәтижелерін бағалау, сондай-ақ оларға көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік танытуға;

4) қол астындағы қызметкерлерге қатысты негізсіз айыптауларға, дәрекілікке, адамның қадір-қасиетін қорлауға, әдепсіздікке, дұрыс емес мінезқұлық фактілеріне жол бермеуге;

5) қол астындағы қызметкерлердің лауазымдық міндеттерінен тыс, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін анық орындалмайтын өкімдер, тапсырмалар бермеуге;

б) қол астындағы қызметкерлерді қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларды орындау үшін тартуға жол бермеуге;

7) қол астындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюға;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қол астындағы қызметкерлер тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын бұзу фактілерінің алдын алуды және жолын кесуді қамтамасыз етуге;

9) мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу бойынша уақтылы шаралар қабылдауға тиіс.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету

1) «Атырау облыстық балалар ауруханасы» ШЖҚ КМК, Атырау облысы мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасымен бекіткен Жарғысы негізінде және мемлекеттік лицензияға сәйкес халыққа медициналық қызметін көрсету;

2) 2015 жылғы 29 қыркүйектегі №761 «Клиникалық стационар көмегі көрсету ережелерін бекіту туралы» бұйрығы;

3) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР 2020ж. 7 шілдедегі № 360-VI Кодексі

4) «Денсаулық сақтау субъектілерінің ақылы қызметтер көрсету қағидаларын және ақылы медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) ұсыну жөніндегі шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы» ҚР ДСБ 2020ж. 29 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығы

5) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» ҚР ДСМ 2020ж. 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығы

**8.** Аурухана қызметкері нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау кезінде:

- 1) азаматтардың заңда белгіленген құқықтары мен бостандықтарын сақтауға;
- 2) заңды тұлғалар мен жеке тұлғалардың заңды мүдделерін бұзуға жол бермеуге;
- 3) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге тиіс.

**9.** Аурухана қызметкері Аурухана қызметшілерін іріктеу және орналастыру бойынша кадр жұмысын ұйымдастыру кезінде:

- 1) тағайындауға арналған материалдарды қараудың белгіленген мерзімдерін сақтауға;
- 2) Ауруханаға жұмысқа қабылдау кезінде Аурухана қызметшілеріне жүктелетін негізгі міндеттерді, тыйым салулар мен шектеулерді түсіндіруге;
- 3) кадрларды іріктеу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға;
- 4) Аурухана қызметшілерінің дербес деректері туралы мәліметтерді негізсіз беруге жол бермеуге;
- 5) жұмысқа орналасуға кандидаттардан еңбек шартын жасасу үшін қатысы жоқ құжаттарды талап етпеуге;
- 6) Аурухана қызметшілеріне қатысты объективті және жан-жақты қызметтік тексерулер жүргізуге тиіс.

### **3-тарау. Өзге де шектеулер, тыйым салулар мен талаптар**

**10.** Қызметкер өз құзыреті шеңберінде шешімдер, құжаттарды дайындау және қабылдау кезінде:

- 1) Тікелей немесе тікелей басшыға мүдделер қақтығысының туындағаны, қызметтік міндеттерін атқару кезінде жеке мүдделілігі, сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына көндіру және сыйлықтар алу туралы баяндауға;
- 2) Жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілердің және өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбауға;
- 3) Әріптестерге, басшыларға және өзге де лауазымды адамдарға бермеуге лауазымдық өкілеттіктерін пайдалана отырып, мүліктік пайда, игілік не артықшылық алу үшін сыйлықтар және қызметтік емес қызметтер көрсетпеу;
- 4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік танытуға;
- 5) Өздеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы, сондай-ақ материалдарды не әуре-сарсандарды жеделдетіп қарағаны үшін қандай да бір пайда алуға итермелеу туралы басшылыққа баяндауға;
- 6) Орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күмәнданғаны туралы тікелей басшыға жазбаша нысанда хабарлауға міндетті;
- 7) Егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына тартылса, жоғары тұрған органға жүгінуге.

**11.** Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде:

- 1) Мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшалай каражатты оңтайлы және тиімді жұмсау;
- 2) заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беруге;
- 3) мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге міндетті;
- 4) сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеуге;
- 5) атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім беруші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысуға жол бермеуге міндетті.

**12. Есеп бөлімінің жұмысындағы тыйым салулар мен талаптар:**

- 1) Бюджет каражатын мақсатсыз пайдалану және ресурстарды заңсыз бөлу
- 2) Артық немесе жоқ сыйлықақыларды, жалақыларды ("Өлі жандар") есептеу арқылы каражатты жымқыру
- 3) Кемшіліктерді немесе мақсатсыз шығындарды жасыру үшін бухгалтерлік құжаттаманы қолдан жасау
- 4) Салық базасын қасақана төмендету және салық төлеуден жалтару

### **Өзге де шектеулер, тыйым салулар мен талаптар**

**13. Қызметкер өз құзыреті шеңберінде шешімдер, құжаттарды дайындау және қабылдау кезінде:**

- 1) Тікелей немесе тікелей басшыға мүдделер қақтығысының туындағаны, қызметтік міндеттерін атқару кезінде жеке мүдделілігі, сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына көндіру және сыйлықтар алу туралы баяндауға;
- 2) Жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілердің және өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбауға;
- 3) Әріптестерге, басшыларға және өзге де лауазымды адамдарға бермеуге лауазымдық өкілеттіктерін пайдалана отырып, мүліктік пайда, игілік не артықшылық алу үшін сыйлықтар және қызметтік емес қызметтер көрсетпеу;
- 4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік танытуға;
- 5) Өздеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы, сондай-ақ материалдарды не әуре-сарсаңдарды жеделдетіп қарағаны үшін қандай да бір пайда алуға итермелеу туралы басшылыққа баяндауға;
- 6) Орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күмәнданғаны туралы тікелей басшыға жазбаша нысанда хабарлауға міндетті;
- 7) Егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына тартылса, жоғары тұрған органға жүгінуге.

### **Қорытынды ережелер**

1. Аурухана қызметкерлері Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтауға міндетті.
2. ҚР заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, аурухана қызметкерлері Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтамағаны үшін тәртіптік жауаптылықта болады.
3. Аурухана қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтауын бақылау аурухананың басшысы және құрылымдық бөлімшелерінің меңгерушілеріне жүктеледі.